IV МОДУЛЬ
СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ

# 8-сабақ
# Шешімді түсіндіру

## 1. Тыңдаңыз және оқыңыз.

Сұрақтарыңыз бар ма?
Шешім түсінікті ме?
Құқықтарыңыз түсінікті ме?
Тараптарда репликалар бар ма?
Сот құрамына сенім білдіресіздер ме?
Шешімнің қарар бөлігі түсінікті ме?
Қарсылықтарыңыз бен сұрақтарыңыз бар ма?
Талап қоюшы, берілген талап-арызды қолдайсыз ба?
Шешімді орындау тәртібі түсінікті ме?

## 2. Тиісті сұраулық шылауларды жазыңыз.

Сұрақтарыңыз бар ________?
Шешім түсінікті ________?
Қосымша айтарыңыз бар ________?
Аудио-бейнежазба жүйесі қосылды ________?
Қарар бөлігі түсінікті ________?
Шешімнің электрондық үлгісі қажет ________?
Құжатыңыз бар ________?
Жауап беретін куәлар келді ________?

ма? ме?
ба? бе?
па? пе?

## 3. Тиісті сөздерді қойып жазыңыз.

Шешімнің қарар бөлігі________________ ?
Тараптарда________________бар ма?
Шешімнің электронды үлгісі________________ пе?
________________түсінікті ме?
Талап қоюшы, берілген талап-арызды________________ ?
________________ түсінікті ме?
Шешімді орындау тәртібі ________________?
Қарсылықтарыңыз бен ________________ бар ма?
Өтінішхаттарыңыз ________________?

| | | |
|---|---|---|
| түсінікті ме | репликалар | қажет пе? |
| құқықтарыңыз | қолдайсыз ба? | шешім |
| түсінікті ме? | сұрақтарыңыз | бар ма? |



LIVEWORKSHEETS

## 4. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Шешімнің қарар бөлігі түсінікті ме?
Иә, түсінікті.

— ____________________
— ____________________
— Иә, куәлар келді.

— ____________________
— ____________________
— Жоқ, аудармашы қажет емес.

— ____________________
— ____________________
— Иә, шешім түсінікті.

— ____________________
— ____________________
— Иә, құжатым бар.

— ____________________
— ____________________
— Өтініш хатым жоқ.

— ____________________
— ____________________
— Айтарым жоқ.

## 5. Берілген сөз тіркестерінің дұрыс нұсқасын табыңыз.

— Сұрағыңыз бар ма?
— Иә, сұрағым бар.
— Сұрағым жоқ.

— Куә келді ме?
____________________

— Құжатыңыз бар ма?
____________________

— Қосарыңыз бар ма?
____________________

— Өтінішхатыңыз бар ма?
____________________

— Пікіріңіз бар ма?
____________________

— Шешім түсінікті ме?
____________________

## 6. Оқыңыз.

**Төрағалық етуші:** Талап қоюшы, талаптарыңызды қолдайсыз ба?
**Талап қоюшы:** Иә, қолдаймын. Менің талаптарым іс-құжаттарымен толық расталады.
**Төрағалық етуші:** Басқа қосарыңыз бар ма?
**Талап қоюшы:** Иә, бар. Өз тарапымнан сараптама жасадым, іске қосуын сұраймын.
**Төрағалық етуші:** Басқа тараптардың сараптаманы іс-құжаттарына қосу туралы пікірі қандай?
**Талап қоюшы:** Жауапкер белгісіз себеппен келмеді.



LIVEWORKSHEETS

## 7. Сұқбат бойынша бос орындарды толықтырыңыз.

Талап қойшы, талаптарыңызды ____________________

- а) қолдайсыз ба?
- ә) сұрайсыз ба?
- б) келмейсіз бе

Басқа ____________________ бар ма?

- а) аларыңыз
- ә) қосарыңыз
- б) жұмысыңыз

Менің талаптарым іс құжаттарымен ____________ ________________

- а) толық сақталады
- ә) толық расталады
- б) толық айтылады

Өз тарапымнан ____________ ______________ жасаймын.

- а) зерттеу
- ә) талдау
- б) сараптама

Жауапкер ____________ ________________

- а) белгісіз себеппен
- ә) белгілі себеппен
- б) жұмысқа

## 8. Сұқбат бойынша толықтырыңыз.

**қолдаймын / қолдайсыз ба?**

Талаптарыңызды
...................................?
Иә, .............................

**қосарым бар / қосарыңыз**

.................................
..................... бар ма?
Иә, ........................

**талаптарым / жасаймын / қандай**

Өз тарапымнан сараптама
..............
Менің ..............................
Пікірі ..............................?

**расталады / сұраймын / келмеді**

Іске қосуын ....................
..............
Толық ..........................
Жауапкер......................

## 9. Тыңдаңыз және бос орынды толықтырыңыз.

**Талап қоюшы:** Құрметті сот, жауапкерге сұрақ ____________?
**Төрағалық етуші:** ____________.
**Талап қоюшы:** Жауапкер, сіз менің қарызымды қайтару үшін ауызша берген уәдеңізді ____________?
**Жауапкер:** Жоқ, ______________.



LIVEWORKSHEETS

## 10. Сұхбат бойынша толықтырыңыз.

қойыңыз / бола ма?

растамаймын / уәдеңізді

Жауапкерге сұрақ қоюға..........?
Иә, ..................................

Берген.............. растайсыз ба?
Иә, ..................................

## 11. Сұхбат бойынша дұрыс нұсқаны жазыңыз.

Жауапкерге ____________
________________
бола ма?

а) сұрақ қоюға
ә) шығуға
б) қосуға

Қарызымды қайтару үшін
______________________
растайсыз ба?

а) сұрағыңызды
ә) уәдеңізді
б) айтқаныңызды

Жоқ, ____________
______________

а) растаймын
ә) растаған жоқпын
б) растамаймын

Сұрақ қоюға бола ма? ____
________________.

а) айтыңыз
ә) қойыңыз
б) болмайды

## 12. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| Талаптарыңызды | себеппен |
| сұрақ | қайтару |
| қарызымды | сақталады |
| уәдеңізді | тарапымнан |
| толық | сұрақ қою |
| белгісіз | растайсыз ба? |
| өз | қолдайсыз ба? |
| жауапкерге | қоюға бола ма? |



LIVEWORKSHEETS

# АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

Судья Сот отырысын ашық деп жариялаймын.
Ашық сот отырысында талап қоюшы туралы талап арызы бойынша азаматтық ісі қаралады.
Сот отырысында аудио- бейнежазба жүргізіледі

Хатшы Сот отырысына кімдер келді?

Судья: Аудармашы қажет пе?
Аудармашыға құқықтары мен міндеттерді түсіндіру, көрінеу қате аударма жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жауаптылық туралы ескертемін.

Судья Сот құрамын жариялаймын.
Іс бойынша төрағалық етуші судья

_______________________________

Сот отырысының хатшысы

_______________________________________

Прокурор_______________________________________________
Сот құрамына сенім білдіресіздер ме?

Судья Құқықтарыңыз түсінікті ме?
Өтініш хаттарыңыз бар ма?
Істі қарар алдында, тараптардың өтініштері, арыздары бар ма?

Судья Сот істі қарауға көшеді.
Талап қоюшы, берілген талап-арызын қолдайсыз ба?
Жауапкер, талап-арызды мойындайсыз ба?
Талап қоюшы, сотқа өзіңіздің талап-арызыңыз бойынша түсінік беруіңізді сұраймын.
Жауапкердің түсініктемелерін тыңдайық.
Қарсылықтарыңыз және сұрақтарыңыз бар ма?

Судья Куәні сот залына шақырыңыз.
Куәнің жеке басын растайтын құжатын әкелуді өтінемін.
Сұрақ қоюға рұқсат.
Сот істің жазбаша құжаттарын зерттеуге көшеді.
Істі жазбаша құжаттары бойынша ескерту немесе өтініштеріңіз бар ма?
Істі қарау аяқталды деп жариялаймын.

Судья Сот жарыссөз кезеңіне көшеді.
Сот жарыссөзінде алдымен талап қоюшы, сосын жауапкер сөз сөйлейді.
Жарыссөз аяқталды деп жарияланады.
Тараптарда репликалар бар ма?

Судья Сот шешім шығару үшін кетеді, шешім ____ минуттан кейін жарияланады.
Сот шешімінің қарар бөлігін жария етеді.
Шешім түсінікті ме?
Шешімнің түпкілікті нысаны бес жұмыс күндері ішінде дайын болады.
Сот отырысы жабық деп жарияланады.



LIVEWORKSHEETS

## 13. Тиісті етістіктерді жазыңыз.

.........................................ашық деп жариялаймын.
Талап арызы бойынша азаматтық іс ...................... .
Сот отырысына ..................?
Сот құрамын ..................
.........................өтініштері, арыздары бар ма?
Сот істі қарауға ...............
Жауапкер, талап-арызды мойындайсыз ба?
Жауапкердің .......................тыңдайық.
Куәні .................... шақырыңыз.
Жарыссөз аяқталды деп жарияланады.

| | | |
|---|---|---|
| қаралады | түсініктеме | кімдер келді |
| сот отырысын | жариялаймын | сот залына |
| тараптардың | түсініктемелерін | көшеді |

## 14. Дұрыс нұсқаны жазыңыз.

Істі қарау аяқталды деп
______________________________.

А) жариялаймын
Ә) жариялайсың
Б) жариялайды

Сот отырысында аудио-бейнежазба
______________________________.

А) жүргізілді
Ә) жүргіземін
Б) жүргізіледі

Іс бойынша төрағалық етуші
______________________________.

А) хатшы
Ә) прокурор
Б) судья

Куәні сот залына
______________________________.

А) айтыңыз
Ә) жіберіңіз
Б) шақырыңыз

Сот шешім шығару үшін кеңесу бөлмесіне
______________________________.

А) кетті
Ә) кетсін
Б) кетеді

____________ түпкілікті нысаны бес жұмыс күндері ішінде дайын болады.
______________________________.

А) хаттың
Ә) хаттаманың
Б) шешімнің



LIVEWORKSHEETS

## 15. Тыңдаңыз және оқыңыз.

Менің сұрағым бар
Сенің сұрағың бар ма?
Сіздің сұрағыңыз бар ма?
Оның сұрағы бар ма?

Біздің сұрағымыз бар
Сендердің сұрақтарыңыз бар ма?
Сіздердің сұрақтарыңыз бар ма?
Олардың сұрағы бар ма?

## 16. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Менің өтінішім бар
Сенің ____________________
Сіздің ____________________
Оның ____________________

Біздің өтінішіміз бар
Сендердің ____________________
Сіздердің ____________________
Олардың ____________________

Менің талап-арызым бар
Сенің ____________________
Сіздің ____________________
Оның ____________________

Біздің талап-арызымыз бар
Сендердің ____________________
Сіздердің ____________________
Олардың ____________________

## 17. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| Менің | құқықтары |
| Олардың | сұрақтарыңыз |
| Сендердің | өтініш хатым |
| Біздің | шағымыңыз |
| Сенің | арызың |
| Сіздердің | талабымыз |
| Сіздің | дәлелдерің |



LIVEWORKSHEETS